



МАҢЫЗДЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлыбританияның Сыртқы істер министрі Дэвид Кэмеронды қабылдады. Президент Ұлыбританияның сыртқы саясат ведомствосының басшысына ілтипат білдіре отырып, оның Қазақстанға сапары екіжақты қатынастарды дамытуға тың серпін беру тұрғысынан мәні зор екенін айтты.

— Біздің маңызды стратегиялық серіктесіміз — Ұлыбританиямен арадағы өзара тиімді ынтымақтастықтың қарқынды дамып келе жатқанына көңіліміз толады. Бүгін Стратегиялық серіктестік және ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылғанын айрықша атап өткім келеді. Бұл жан-жақты құжат біздің сан қырлы байланыстарымызды кеңейту үшін берік негіз қалайтынына сенімдімін, — деді Президент.

Мемлекет басшысы сауда-экономикалық және инвестициялық ықпалдастықты, соның ішінде энергетика, «жасыл» экономика, қаржы, инновация салаларын-

дағы ынтымақтастықты нығайтуға мол әлеует бар екеніне назар аударды.

Өз кезегінде Дэвид Кэмерон қонақжайлық танытқаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. Сондай-ақ Ұлыбритания Премьер-министрі ретінде Қазақстанға жасаған алғашқы сапарын ықыласпен еске алды.

— Мен мұнда 11 жыл бұрын екі ел арасындағы стратегиялық диалогты бастау үшін келген едім. Бүгін Қазақстанның Сыртқы істер министрімен Стратегиялық серіктестік және ынтымақтастық туралы келісімге қол қойдық. Энергетика, білім, бизнес және мәдениет салаларындағы ынтымақтастықты нығайтуға және халықтар арасындағы байланыстарды өркендетуге ниеттіміз, — деді Ұлыбритания Сыртқы істер министрі. Өнгімелесу барысында мәдени-гуманитарлық байланыстарды тереңдету, әсіресе, білім беру саласы мен жастарды қолдау ісіне ерекше назар аударылды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев пен Дэвид Кэмерон өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

ВОЛОНТЕРЛЕР КҮШ БІРІКТІРДІ



БІШКЕК КІЛЕМІНЕН 5 ЖОЛДАМА БҰЙЫРДЫ



БУЛЛИНГПЕН КҮРЕСТІҢ КІВА ТЕТІГІ: БҰЛ НЕ?

Буллингпен күрес жаңа деңгейге шығады. Президент таяуда, 15 сәуірде әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша заңнамалық түзетулер топтамасына қол қойды. Заңдар алғашқы ресми жарияланған күнінен 60 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі. Бұл ретте жаңа 2024-2025 оқу жылында елімізде Финляндияның буллингке қарсы KiVa бағдарламасы енгізілмек. Мемлекеттің осы қоғамдық кеселмен де салмақты күресуге ден қойғаны байқалады.

ҚҰРДАСЫНДЫ ҚҰРМЕТТЕП, ҚОШЕМЕТКЕ БӨЛЕН

Қазақстанда енгізілгені жатқан буллингке қарсы финдік KiVa бағдарламасы бұл мәселені кешенді шешуге бағдарланған. Отандық мамандар оны жергілікті жағдайларға бейімдеу үшін пысықтап жатыр. Атап айтқанда, педагогтермен де жұмыс жүргізу керек. Мектеп психологі Алмагүл Әзімқұлқызының байламынша, педагог бір жағынан психолог болғаны жөн.

— «Мына баланың бір кемістігі бар, айналасының бәрін жапырып барады» деп оқушыны не бізге, не «завучке» сүйрейді. Байыбына терендесек, ол баланың ата-анасынан, не туысқанынан зорлық көретіні әшкереленеді. Содан «таз ашуын тырнадан аладының» кері келеді, бала бейшара, адамның қоры емесін өзіне дәлелдеу үшін қоқиланып, сыныптастарына күш көрсетеді. Немесе ата-анасының бірінен айырылған бала сот-қарға айналады. Буллингпен күрес ша-



ралары проблеманың барлық қырын ескеріп, педагог — оқушы, оқушы — оқушы, оқушы — ата-ана, оқушы — қоғам

қарым-қатынасын қамтығаны жөн, — деді психолог маман.

(Жалғасы 4-бетте)

ҚХА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЛАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасарларын қабылдады. Президент жаңадан тағайындалған Юрий Шин мен Лугмар Буларовты құттықтап, олардың бірлікті нығайту, қоғамдық келісімді сақтау ісіндегі жауапты қызметіне сәттілік тіледі.

ҚХА Төрағасының орынбасары — Хатшылық меңгерушісі Марат Әзілханов Қасым-Жомарт Тоқаевқа бұған дейін берілген тапсырмалардың орындалуы және Ассамблеяның XXXIII сессиясына дайындық барысы жөнінде есеп берді.

Президент еліміздің бірқатар өңірінде су тасқыны салдарынан қалыптасқан күрделі жағдайды ескере отырып, ҚХА сессиясын онлайн-форматта өткізу туралы шешім қабылдағанын жеткізді. Шараға Ассамблеяның аймақтардағы мүшелері онлайн режимде қатысады.

Мемлекет басшысы табиғи апаттан зардап шеккен азаматтарға көмек көрсетуге Қазақстан халқы Ассамблеясы зор үлес қосқанын айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ассамблея жұмысын одан әрі жетілдіру жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

ЭКОНОМИКАНЫ ӘРТАРАПТАНДЫРУ — ДАМУ КІЛТІ

Елімізде экономиканы әртараптандырудың ресурстық мүмкіндіктері зор. Мәселе оның ұйымдастырылуында болып тұр. Бұл жерде бірінші кезекте адам капиталының сапасы қолбайлау болса, екінші кезектегі кедергі — бюрократия. Әрине, одан да басқа факторлық мәнге ие проблемалар жоқ емес. Десе де, егер осы аталған екі кедергіні шешер болсақ, экономиканың «аяғындағы тұсау» да шешілер еді.

4 >>



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ҚАШАН МЕКТЕП ТІЛІНЕ АЙНАЛАДЫ?

Жақында әлеуметтік желілерде «Астанадағы 66 жекеменшік мектептің 5-еуі ғана қазақ тілінде білім береді. Оның 15-і орыс тілінде оқытса, қалғаны аралас тілде оқытатын білім ошақтары» екен деген ақпарат тарайды. Елімізде соңғы жылдары жекеменшік аралас мектептер саны ғана емес, жалпы білім беретін мемлекеттік мектептер арасында да аралас мектептер саны артқан.

5 >>



